

## Тіл сабағында дислексиясы бар балаларды оқыту: библиометриялық талдау

А.Қ. Тайболатова<sup>1\*</sup>, Ш. Қапантайқызы<sup>1</sup>, Ф. Кырмызы<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Памуккале университеті, Түркия

\* a.taibolatova@uba.edu.kz



**Аңдатпа.** Қазіргі таңда инклюзивті білім беру – білім беруді дамытудың басым бағыттарының бірі. Ол барлық білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл мақалада ерекше қажеттіліктердің бір тобын құрайтын оқытудағы қиындықтарға, оның ішінде дислексияға ерекше назар аударылды. Зерттеудің мақсаты – тіл сабақтарында дислексиясы бар балаларды оқытуға қатысты ғылыми жарияланымдарға талдау жасау. Зерттеу библиометриялық талдауға негізделген және 2000-2024 жылдар аралығында Scopus базасында жарияланған деректерді талдауды қамтыды. Сондай-ақ мақалада зерттеудің негізгі тақырыптық бағыттарын анықтау, негізгі терминдерді визуализациялау мақсатында VOSViewer бағдарламалық құралы пайдаланылды. Зерттеу нәтижелері берілген мәселеге қатысты ғылыми қызығушылықтың тұрақты түрде артып жатқанын көрсетті, сонымен қатар зерттеудің негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеудің пәнаралық сипатқа ие екендігі және педагогика, психология және лингвистика салаларын қамтитындығы анықталды. Алынған нәтижелер бұл тақырыптың негізгі тенденцияларын анықтап қана қоймай, болашақтағы зерттеулердің перспективалы бағыттарын белгілеуге және инклюзивті білім беру жағдайында дислексиясы бар балаларды оқытуды жетілдіру жолдарын анықтауға мүмкіндік берді.

**Кілтті сөздер:** инклюзивті білім беру, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, дислексия, тілді оқыту, библиометриялық талдау, VOSViewer, Scopus.



**Қалай дәйексөз алуға болады:** Тайболатова, А.Қ., Қапантайқызы, Ш., Кырмызы, Ф. Тіл сабағында дислексиясы бар балаларды оқыту: библиометриялық талдау [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2026. – №1. – Б. 248-260.

### Кіріспе

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру – көптеген елдердің білім беру саясатының ажырамас бөлігі. Ол барлық балаларға, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға сапалы білімге теңқолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Booth & Ainscow ұсынған тұжырымдамаға сәйкес инклюзия білім беру ұйымдарының физикалық қолжетімділігімен шектелмейді, сонымен қатар білім

беру процесін әрбір білім алушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып бейімдеуді қамтиды [1]. Соңғы онжылдықтарда ғылыми зерттеулерде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру ортасына қосуға бағытталған педагогикалық стратегияларды әзірлеу мәселелері жиі талқылануда [2; 3]. Florian білім алушылардың әртүрлілігіне және олардың мықты тұстарына бағдарланған модельге көшу қажеттілігін белгілейді [4]. Ainscow et al. зерттеулеріне сәйкес, инклюзивті

жағдайда білім беретін мектептер білім беру ортасын бейімдеп қана қоймай, барлық білім алушылардың үлгерімінің артуына педагогтердің ұжымдық жауапкершілігін арттыруы тиіс [5]. Tomlinson сараланған оқыту мен икемді дағдыларды пайдалану тиімді инклюзивті практиканың негізгі шарттары деген тұжырымға келеді [6]. Сонымен қатар Rose тұжырымынша, инклюзияның табысты іске асуы педагогтердің жүйелі дайындығынсыз, білім беру саясатын тұрақты қолдаусыз мүмкін емес [7].

Қазақстанда да инклюзивті білім беру – білім беру саясатының басым бағыттарының бірі. Жеке мүмкіндіктер мен ерекше қажеттіліктерді ескере отырып сапалы тең білімге қолжетімділік еліміздің заңнамасымен белгінеген [8; 9]. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқу процесіне қосуға ықпал ететін заңнамалық және нормативтік актілер қабылданған [10-12]. Дегенмен, инклюзивті білім беру дамып жатқанымен, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жеке топтарын жүйелі түрде қолдауға қатысты мәселелер сақталуда.

Бұл контексте оқытудағы спецификалық қиындықтар, оның ішінде дислексия ерекше назар аударуды талап етеді. Дислексия оқу және жазу дағдыларындағы қиындықтармен сипатталады және бұл қиындықтар баланың интеллект деңгейімен өлшенбейді [13; 14]. Бұл қиындық оқу мазмұнын игерудің негізгі құралдары – оқу және жазу дағдыларын меңгеру процесіне айтарлықтай әсерін тигізеді. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы ұсынған жіктемеге сәйкес, оқытудағы бұл қиындықтар ерекше қажеттіліктердің негізгі үлкен үш тобының бірін құрайды [15].

Бүгінгі күнгі зерттеулер көрсеткендей, уақытылы педагогикалық қолдау көрсетілмеген жағдайда дислексия академиялық үлгерімнің төмендеуіне, оқуға мотивацияның төмендеуіне, баланың өз қабілетін төмен бағалауына алып келуі мүмкін [16; 17]. Дислексия оқу және жазу дағдыларының қалыптасуына кері ықпал ететіндіктен, білім алушылардың оқу сау-

аттылығы деңгейіне де әсер етуі ықтимал. PISA деректеріне сүйенсек, оқу сауаттылығының төмен деңгейі академиялық жетістіктердің шектелуімен және білім беру мүмкіндіктерінің төмендеуімен тікелей байланысты [18].

Сондай-ақ бұл қиындыққа назар аудармау балалардың білім беру ортасына толыққанды кірігуін қиындатып, олардың келешектегі білім беру және кәсіби мүмкіндіктерін шектеуі ықтимал. Сол себепті дислексиясы бар балаларға білім беру, оның ішінде тілдік пәндерді оқыту тақырыптарындағы ғылыми зерттеулерге жүйелі талдау жасау қажеттілігі артып келеді. Халықаралық тәжірибені талдау тиімді педагогикалық технологияларды анықтауға, осы мәселедегі негізгі бағыттарды айқындап, зерттеу перспективаларын белгілеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – 2000-2024 жылдар аралығындағы жарияланымдарды библиометриялық талдау негізінде дислексиясы бар балаларды тіл сабақтарында оқыту жөнінде халықаралық зерттеулердегі негізгі тенденцияларды, тақырыптық бағыттарды және ғылыми тәсілдерді анықтау.

Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер анықталды:

- кілт сөздер бойынша Scopus дерекқорында тиісті жарияланымдарды іріктеуді жүргізу;
- жарияланым белсенділігінің динамикасына сандық талдау жүргізу;
- зерттеулердің географиялық таралуын және жетекші ғылыми басылымдарды анықтау;
- кілт сөздерді талдау негізінде негізгі тақырыптық бағыттарды анықтау;
- VOSViewer бағдарламасын пайдалана отырып, ғылыми кластерлерді визуализациялауды жүзеге асыру.

Зерттеу аясында келесі зерттеу сұрақтары тұжырымдалды:

1. 2000-2024 жылдар аралығында тіл сабақтарында дислексиясы бар балалар-

ды оқыту тақырыбы бойынша жарияланымдардың динамикасы қалай өзгерді?

2. Осы зерттеу саласында қандай елдер мен ғылыми журналдар жетекші?

3. Зерттеудің қазіргі құрылымын қандай негізгі тақырыптық бағыттар мен ғылыми кластерлер құрайды?

4. Зерттелетін салада қандай педагогикалық тәсілдер мен зерттеу фокустары басым?

Осылайша бұл жұмыста Scopus деректер базасында 2000-2024 жылдар аралығында орналастырылған ғылыми жарияланымдардың қысқа библиометриялық талдауы ұсынылады. Зерттеу барысында ең жиі кездесетін тақырыптар, авторлар және ғылыми басылымдар анықталды, сонымен қатар зерттеудің негізгі бағыттары белгіленді. Алынған нәтижелер одан әрі зерттеуді қажет ететін әдіснамалық бағдарларды белгілеуге, дислексиясы бар балаларды оқытуда өзекті әдіс-тәсілдерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тұжырымдар Қазақстандағы инклюзивті білім беру практикасын жетілдеруге және ғылыми зерттеулер жүргізуде, білім беру саясатын әзірлеуде пайдалы болуы ықтимал.

## Материалдар мен әдістер


Қысқа библиометриялық талдау жүргізу үшін әртүрлі ғылыми пәндер бойынша рецензияланған жарияланымдарды қамтитын халықаралық Scopus деректер базасынан алынған мәліметтер пайдаланылды. Бұл база өзінің жоғары беделімен, дәйексөз индексінің тұрақты түрде жаңартылуымен және педагогика, психология, жалпы зерттеу тақырыбына қатысты жетекші халықаралық журналдардың қамтитындықтан таңдалды. Scopus базасын пайдалану алынған дереккөздердің ғылыми дәлдігі мен сенімділік деңгейін қамтамасыз етуге толық мүмкіндік берді.

Зерттеу 2000-2024 жылдар аралығындағы жарияланымдарды қамтыды. Бұл осы кезеңдегі ғылыми тәсілдердің жағдайы мен

даму динамикасын көрсетуге мүмкіндік береді. Іздеу “dyslexia” және “language learning” кілт сөздері бойынша ағылшын тілінде, мақалалардың атауы, аннотациясы және кілт сөздері өрісінде жүргізілді. Құжаттарды іріктеу барысында жарияланымның түрі (articles/rev), толық мәтінге қолжетімділік немесе пәндік сала секілді қосымша сүзгілер қолданылмады. Бұл өз алдына осы саладағы толық ғылыми картинаны көруге мүмкіндік берді.

Басылымдарды таңдау алгоритмі келесі кезеңдерді қамтыды:

- Scopus базасында берілген сұраныс бойынша бастапқы іздеу ( $n \approx 198$ );
- білім беру контекстіне жатпайтын зерттеулерді алып тастау (мысалы, оқытуға қатысы жоқ нейробиологиялық және медициналық зерттеулер);
- зерттеудің фокусына кірмейтін тек екінші тілді оқытуға арналған басылымдарды (second language acquisition) алып тастау;
- қорытынды үлгіні қалыптастыру ( $n = 177$ ) (1-сурет).



1-сурет. Іздеу стратегиясы (дереккөз: автормен жасалды)

Библиометриялық талдау екі кезеңде іске асырылды:

- бірінші кезеңде іздеу және іріктеу үдерістері жүзеге асты: аннотациялар мен кілт сөздерге сүйене отырып, жарияланымдардың тақырыпқа сәйкестігі бағаланды, тақырыпқа қатысы жоқ (мысалы, екінші тілді меңгеруге арналған) мақалалар алынып тасталды;
- екінші кезеңде сапалық және сандық талдау жүргізілді: жарияланымдар жылдар, елдер, журналдар мен авторлар бойынша жіктелді. Сонымен қатар VOSViewer бағдарламалық құралы көмегімен негізгі терминдер мен авторлар желісі визуализацияланды, зерттеу бағыттары мен негізгі үрдістер анықталды.

Талдау жүргізу үшін жарияланым деректері Scopus дерекқорынан CSV форматында жүктелді. Содан кейін алынған файл кейіннен өңдеу және визуализация үшін VOSViewer бағдарламалық құралына жүктелді.

Ғылыми кластерді құру кезінде келесі параметрлер қолданылды: талдау түрі: co-occurrence; талдау бірлігі: авторлық кілт сөздер; санау әдісі: толық санау; кілт сөздің минималды саны: 5

Алынған мәліметтер негізінде зерттелетін саладағы негізгі бағыттарды көрсететін тақырыптық кластер құрылды.


## Нәтижелер

1. Жарияланым белсенділігінің динамикасы

Жарияланымдарға жылдар бойынша талдау тіл сабақтарында дислексиясы бар балаларды оқыту тақырыбына қызығушылық біртіндеп артқанын көрсетеді. 2000 жылдардың басында бұл тақырыптағы зерттеулер аз болса, 2015 жылдардан бастап жарияланымдардың саны тұрақты түрде артқанын байқаймыз. Ал 2020-2024 жылдар аралығында ғылыми белсенділіктің шарықтау шегін көреміз (2-сурет). Бұл жағдай инклюзивті білім берудің белсенді түрде дами түсуі, дислексияны диагностикалау әдістерінің жетілдірілуі, сонымен қатар білім беру процесіне цифрлық технологиялардың енгізілуі секілді жағдайлармен түсіндірілуі ықтимал.

Сонымен қатар жарияланымдардың динамикасы халықаралық зерттеулерде (соның ішінде PISA) көрсетілген жаһандық білім беру тенденцияларымен байланысты. Ол жерде оқу сауаттылығын дамытудың және оқуда қиындықтары бар білім алушыларды қолдаудың маңыздылығы атап өтіледі. Бұл ғылыми қызығушылықтың өсуін оқытудың сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етудегі инклюзивті білім берудің рөлін қайта қарастырудың кең процесінің бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, жарияланымдар санының артуы қызығушылықтың сандық өсуін ғана емес, сонымен қатар дислексиясы бар балаларды тілдік контексте оқытудың тиімді педагогикалық стратегияларын әзірлеуге бағытталған ғылыми дискурстың сапалы өзгеруін көрсетеді.

Осылайша, зерттеу санының артуы мәселеге деген қызығушылықтың артқанын, дислексиясы бар балаларды оқыту саласындағы негізгі үрдістерді айқындауға мүмкіндік береді.



2-сурет. Жарияланым белсенділігінің жылдар бойынша көрінісіне шолу  
(дереккөз: автормен жасалды)

## 2. Зерттеу географиясы

Дислексиясы бар балаларды тіл сабақтарында оқытуға арналған зерттеулердің елдер бойынша таралуы бұл тақырыптағы жарияланымдардың көп саны АҚШ-та (45) және Ұлыбританияда (28) екенін көрсетті (1-кесте). Ұсынылған мәліметтермен қатар, жарияланымдардың географиялық таралуы осы саладағы ғылыми зерттеулердің біркелкі дамымағанын көрсететінін атап өткен жөн. АҚШ пен Ұлыбританиядағы жұмыстардың шоғырлануы инклюзивті білім беруді институционализациялаудың жоғары деңгейін, ғылыми қаржыландырудың дамыған жүйесін және оқытудың ерекше қиындықтарын зерттеу саласындағы тұрақты зерттеу мектептерін көрсетеді. Бұл елдерде дислексия клиникалық-психологиялық құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар халықаралық аналитикалық шолулармен расталған білім беру саясатының маңызды объектісі

ретінде қарастырылады [19]. Ең белсенді ондық қатарына Италия (8), Израиль (7), Үндістан (6), Германия (6), Финляндия (6), Гонконг (6), Франция (4) және Польша (4) кірді. Аталған елдерде тақырыпқа қатысты жарияланым белсенділігі инклюзивті білім беру саласындағы ұлттық бағдарламалар, пәнаралық ғылыми орталықтар, зерттеу мектептерінің болуымен байланысты болуы ықтимал. Ағылшын тілді елдерде жарияланымдар санының басым болуы іздеу кезінде ағылшын тіліндегі кілт сөздердің қолданылуымен, жалпы Scopus деректер базасында бұл елдердің басылымдары көп болуымен түсіндірілуі ықтимал.

Сонымен қатар дамушы елдердің, соның ішінде Орталық Азия елдерінің төмен көрсеткіші бұл аймақтарда проблеманың жеткіліксіз дамығандығын көрсетеді. Бұл шектеулі зерттеу инфрақұрылымына да, Scopus сияқты халықаралық дерекқор-

лардағы ұлттық басылымдарды индекстеудің төмен деңгейіне де байланысты болуы мүмкін. Бұл факт тілдік білім беру контекстінде дислексиясы бар балаларды

оқыту саласындағы ғылыми әлеуетті одан әрі зерттеу және дамыту қажеттілігін көрсетеді.

### 1-кесте – Жарияланымдар бойынша көшбасшы елдер көрінісіне шолу

Елдер	Жарияланымдар саны
United States	45
United Kingdom	28
Italy	8
Israel	7
India	6
Germany	6
Finland	6
Hong Kong	6
France	4
Poland	4

### 3. Жетекші ғылыми басылымдар

Жарияланымдарды талдау тақырып бойынша зерттеулердің көбі Journal of Learning Disabilities, Annals of Dyslexia, Topics in Language Disorders және Dyslexia секілді мамандандырылған ғылыми басылымдарда жарияланатынын көрсетеді (2-кесте). Бұл журналдар оқу және жазу қиындықтарын, когнитивтік ерекшеліктерді және педагогикалық тәсілдерді зерттеуге бағытталған. Аталған басылымдарда жарияланымдардың көп кездесуі дислексия секілді қиындықтың өзектілігін және бұл санаттағы білім алушыларды тиімді оқыту әдістердің зерттеу маңыздылығын дәлелдей түседі.

Мақалалардың көбі сондай-ақ Reading and Writing, Support for Learning және Scientific Reports секілді пәнаралық және қолданбалы журналдар да жарияланған. Бұл зерттеу тақырыбының кең ғылыми сұранысқа ие екенін дәлелдей түседі. Сонымен қатар Lecture Notes in Computer Science секілді журналдарда жарияланымдардың болуы дислексиясы бар балаларды оқытуда технологиялық шешімдерге қызығушылықтың барын айғақтайды.

Осылайша, басылымдардың дереккөздерге таралуы зерттеу бағытының институционалдық жетілуін де, оның пәнаралық және технологиялық өзгеруін де көрсетеді.

### 2-кесте – Жарияланымдар бойынша жетекші ғылыми басылымдар көрінісіне шолу

Ғылыми басылымдар	Жарияланымдар саны
Journal of Learning Disabilities	8
Annals of Dyslexia	6

Topics in Language Disorders	5
Dyslexia	5
Reading and Writing	4
Multilingualism, Literacy and Dyslexia: Breaking down barriers for educators	4
Lecture Notes in Computer Science (including subseries Lecture Notes in Artificial Intelligence and Lecture Notes in Bioinformatics)	3
Support for Learning	2
Scientific Reports	2
International Journal of Language and Communication Disorders	2


#### 4. Тақырыптық мазмұны және зерттеудің негізі бағыттары

VOSViewer бағдарламалық құралы арқылы кілт сөздерді талдау ең жиі кездесетін ұғымдарды визуализациялап, олардың тақырыптық кластерлерге топтастырға мүмкіндік берді. Кілт сөз ретінде дислексия термині орналасып, одан ғылым ізденістің негізгі бағыттары таралады (3-сурет).

Ең жиі кездесетін терминдер қатарында language development, reading, phonetics, learning disorder, teaching, working memory, speech disorder, learning disabilities, bilingualism, spelling, vocabulary, language learning секілді терминдерді атап өтуге болады. Кластерлеу негізінде келесі шартты тақырыптық бағыттарды атап көрсетуге болады:

- когнитивті аспектілер: working memory, short-term memory, phonological processing;
- педагогика мен оқыту әдістері: teaching, learning disorders, learning disabilities, classroom strategies;
- тілдік даму және дағдылар: reading, vocabulary, spelling, phonetics, language tests;
- қостілділік және мультикультурализм: bilingualism, multilingualism, second language learning.

Осылайша, кілт сөз құрылымы когнитивті, педагогикалық және лингвистикалық тәсілдердің интеграциясын белгілейді және дислексиясы бар балалардың қиындықтарын зерттеу мен оларды оқытудың кешенді модельдеріне көшуді көрсетеді.




**3-сурет. Зерттеулердің басым бағыттары  
(дереккөз: автормен жасалды)**

Бұл нәтижелер мәселенің көп қырлы ғылыми қызығушылығын айғақтап, дислексиясы бар балаларды оқытуда пәнаралық тәсілдің өзектілігін дәлелдейді.

#### 5. Бірлескен авторлық желіні талдау

Vosviewer бағдарламасын қолдана отырып жасалған бірлескен авторлық желіні талдау зерттеу саласындағы ғылыми ынтымақтастықтың құрылымын анықтады. Нәтиже тұрақты ғылыми мектептерді көрсететін бірнеше үлкен кластерлерге бөлінді (4-сурет). Желідегі орталық орын Snowling M.J., Goswami U., Lyytinen H.,

Noeft F., Horowitz-Kraus T. секілді авторға тиесілі, бұл олардың дислексияны зерттеудегі маңызды үлестері мен ғылыми әсерінің жоғары деңгейін көрсетеді. Кластерлер ішіндегі авторлар арасындағы тығыз байланыстар халықаралық ғылыми ынтымақтастықтың дамыған түрлерін көрсетеді, ал перифериялық түйіндердің болуы зерттеу өрісінің бір бөлігінің бөлшектенгенін көрсетеді. Осылайша, бірлескен авторлық құрылым жетекші ғылыми орталықтардың шоғырлануын да, дислексиясы бар балаларды оқыту мәселелерімен айналысатын ғылыми қауымдастықтың үздіксіз кеңеюін де көрсетеді.



4-сурет. Бірлескен авторлық желі

## Талқылау

Алынған библиометриялық талдау нәтижелері дислексия бар балаларды тілдік білім беру контекстінде оқытуға бағытталған зерттеулердегі қазіргі тенденцияларды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Жарияланым белсенділігінің әсіресе 2015 жылдан кейінгі өсуі халықаралық зерттеулерде инклюзивті білім беру мәселелеріне және оқу сауаттылығының дамуына назар аударудың жаһандық күшеюіне сәйкес келеді [18].

Басылымдардың географиялық таралуы АҚШ пен Ұлыбритания секілді инклюзивті білім беру жүйесі дамыған елдердегі ғылыми белсенділіктің шоғырлануын көрсетеді, бұл мәселенің ғылыми пысықталу деңгейінің институционалдық және саяси қолдауға тәуелділігін растайды [19]. Сонымен қатар дамушы елдердің жеткіліксіз ұсынылуы зерттеу кедергілерінің әлі де сақталуын және ғылыми күн тәртібін

кеңейту қажеттілігін көрсетеді.

Тақырыптық кластерлерді талдау қазіргі зерттеу өрісі когнитивті, педагогикалық және лингвистикалық тәсілдердің қиылысында қалыптасатынын көрсетті. Сонымен қатар педагогикалық және тілдік аспектілердің едәуір көрінісі практикалық қолдануға бағытталған тиімді білім беру стратегияларына акцентті көрсетеді.

Цифрлық технологиялармен және оқыудың адаптивті құралдарымен байланысты жарияланымдар санының өсуі білім беруді цифрландыру жағдайында зерттеу күн тәртібінің өзгергенін көрсетеді, бұл білім беру технологиялары саласындағы заманауи зерттеулермен де расталады.

Бірлескен авторлық желіні талдау ғылыми білімнің жинақталуына ықпал ететін тұрақты ғылыми мектептер мен дамыған халықаралық ынтымақтастықтардың болуын анықтады. Бұл ретте жекелеген зерт-

теу топтарының сақталып отырған бөлшектенуі ғылыми қоғамдастықтың одан әрі интеграциялану әлеуетін көрсетеді.

## Қорытынды

Дислексиясы бар балаларды тіл сабақтарында оқытуға арналған халықаралық ғылыми жарияланымдарға жүргізілген қысқаша библиометриялық талдау соңғы жылдары бұл саланың дамуына тән негізгі бағыттар мен үрдістерді анықтауға мүмкіндік берді. 2000 жылдардың басынан бастап инклюзивті білім беруге қызығушылықтың тұрақты түрде жоғарылауы байқалады, әсіресе ғылыми қолдау жүйесі дамыған елдерде бұл басым көрінеді.

Талдау нәтижесінде дислексияның когнитивті аспектілеріне, бейімделген педагогикалық әдістемелерді әзірлеуге, тіл үйретуде цифрлық технологиялар мен мультимодальды тәсілдерді қолдануға айрықша назар аударылып отырғаны анықталды. Деректерді визуализациялау нәтижесінде алынған негізгі концепттер зерттеулердің кешенді сипатын көрсетеді: олар тілдік білім берудің іргелі және қолданбалы қырларын да қамтиды, сонымен қатар ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуға бағытталған.

Алынған нәтижелер жергілікті білім беру шындығы аясында одан әрі ғылыми зерттеулер жүргізуге негіз бола алады. Сонымен қатар дислексиясы бар балаларды білім беру процесіне табысты кіріктіруге бағытталған әдістемелер мен стратегияларды әзірлеуде тірек бола алады. Инклюзивті білім беру белсенді даму сатысында тұрған Қазақстан үшін бұл мәліметтер педагогикалық тәжірибені жетілдіру және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдауды нығайту тұрғысынан ерекше маңызға ие.

Қаржыландыру туралы ақпарат:

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. **Booth, T., Ainscow, M.** Index for inclusion: developing learning and participation in schools. – Centre for Studies on Inclusive Education (CSIE), Rm 2S203 S Block, Frenchay Campus, Coldharbour Lane, Bristol BS16 1QU, United Kingdom, England (24.50 British pounds), 2002.
2. **Florian, L.** What counts as evidence of inclusive education? //European journal of special needs education. – 2014. – Vol. 29, №3. – P. 286-294. –<https://doi.org/10.1080/08856257.2014.933551>
3. **Slee, R.** Defining the scope of inclusive education. – 2018.
4. **Florian, L.** The concept of inclusive pedagogy // Transforming the role of the SENCO. – 2010. – Vol. 5. – P. 61-72.
5. **Ainscow, M., César, M.** Inclusive education ten years after Salamanca: Setting the agenda //European Journal of Psychology of Education. – 2006. – P. 231-238.
6. **Tomlinson, C. A.** The differentiated classroom: Responding to the needs of all learners. – AscD, 2014.
7. **Rose, R.** Primary school teacher perceptions of the conditions required to include pupils with special educational needs // Educational review. – №53(2). –P.147-156.
8. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III [Электронды ресурс] // –URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_/compare](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_/compare) (қаралған күні: 10.01.2026)
9. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заң 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 [Электронды ресурс] // –URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345\\_/compare](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_/compare) (қаралған күні: 10.01.2026)
10. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ [Электронды ресурс] // –URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000056> (қаралған күні: 10.01.2026)
11. «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы [Электронды ресурс] // –URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V22000026513> (қаралған күні: 10.01.2026)
12. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы [Электронды ресурс] // –URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V22000026618> (қаралған күні: 10.01.2026)
13. **Lyon, G. R., Shaywitz, S. E., Shaywitz, B. A.** A definition of dyslexia //Annals of dyslexia. – 2003. –Vol. 53, №1. – P. 1-14. –<https://doi.org/10.1007/s11881-003-0001-9>

14. **Snowling, M. J.** Early identification and interventions for dyslexia: a contemporary view // *Journal of Research in Special Educational Needs*. – 2013. – Vol. 13. – №1. – P. 7-14. – <https://doi.org/10.1111/j.1471-3802.2012.01262.x>
15. Organisation for Economic Co-operation and Development. Students with disabilities, learning difficulties and disadvantages: policies, statistics and indicators [Электронды ресурс] // OECD Publishing, 2008. – <https://doi.org/10.1787/9789264027619-en> (қаралған күні: 10.01.2026)
16. **Shaywitz, S. E.** Overcoming dyslexia : a new and complete science-based program for reading problems at any level. – New York : A. A. Knopf, 2003. – 416 p.
17. **Morgan, P. L., Farkas, G., Wu, Q.** Kindergarten predictors of recurring externalizing and internalizing psychopathology in the third and fifth grades // *Journal of Emotional and Behavioral Disorders*. – 2009. – Vol. 17. – №2. – P. 67-79. – <https://doi.org/10.1177/1063426608324724>
18. PISA 2018. Results (Volume I): What Students Know and Can Do. Paris [Электронды ресурс] // OECD Publishing, 2018 – <https://doi.org/10.1787/5f07c754-en> (қаралған күні: 10.01.2026)
19. Organisation for Economic Co-operation and Development. Students with Disabilities, Learning Difficulties and Disadvantages: Policies, Statistics and Indicators [Электронды ресурс] // OECD Publishing, 2007. URL: <https://www.oecd.org/education/school/40276192.pdf> (қаралған күні: 10.01.2026)
8. Qazaqstan Respublikasynyñ «Bilim turaly» Zañ 2007 jylǵy 27 şildedegı № 319-III [Law of the Republic of Kazakhstan «On Education»] [Electronic resource] // – URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_/compare](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_/compare) (qaralǵan kúni: 10.01.2026)
9. Qazaqstan Respublikasyndaǵy balanyñ qúqyqtary turaly Zañ 2002 jylǵy 8 tamyzdaǵy № 345 [Law on the rights of the child in the Republic of Kazakhstan] [Electronic resource] // URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345\\_/compare](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_/compare) (Accessed: 10.01.2026)
10. Qazaqstan Respublikasynyñ keibir zañnamalyq aktilerine inklüzivti bilim beru máseleleri boıynsha ózgerister men tolyqytrular engizu turaly Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy 2021 jylǵy 26 mausymdaǵy № 56-VII QRZ [Law of the Republic of Kazakhstan «On amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on Inclusive Education»] [Electronic resource] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000056> (Accessed: 10.01.2026)
11. «Bilim beru úiymdaryndaǵy psihologialyq-pedagogikalıq qoldau qyzmetiniñ júmys isteu qaǵıdalaryn bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Oqu-aǵartu ministriniñ 2025 jylǵy 29 saúirdeǵı № 92 búıryǵy [“Order of the Minister of Education and science of the Republic of Kazakhstan “on approval of the rules for the functioning of the service of psychological and pedagogical support in educational organizations”] [Electronic resource] // – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513> (Accessed: 10.01.2026)
12. «Erekşe bilim beru qajettilikterin baǵalau qaǵıdalaryn jáne baǵdarlamalaryn bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Bilim jáne ǵylym ministriniñ 2022 jylǵy 12 qańtardaǵy № 4 búıryǵy [Order of the Minister of Education and science of the Republic of Kazakhstan “On approval of the rules and programs for assessing special educational needs”] [Electronic resource] // – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> (Accessed: 10.01.2026)

## References

1. **Booth, T., Ainscow, M.** Index for inclusion: developing learning and participation in schools. – Centre for Studies on Inclusive Education (CSIE), Rm 2S203 S Block, Frenchay Campus, Coldharbour Lane, Bristol BS16 1QU, United Kingdom, England (24.50 British pounds), 2002.
2. **Florian, L.** What counts as evidence of inclusive education? // *European journal of special needs education*. – 2014. – Vol. 29. – №3. – P. 286-294. – <https://doi.org/10.1080/08856257.2014.933551>
3. **Slee, R.** Defining the scope of inclusive education. – 2018.
4. **Florian, L.** The concept of inclusive pedagogy // *Transforming the role of the SENCO*. – 2010. – Vol. 5. – P. 61-72.
5. **Ainscow, M., César, M.** Inclusive education ten years after Salamanca: Setting the agenda // *European Journal of Psychology of Education*. – 2006. – P. 231-238.
6. **Tomlinson, C. A.** The differentiated classroom: Responding to the needs of all learners. – Ascd, 2014.
7. **Rose, R.** Primary school teacher perceptions of the conditions required to include pupils with special educational needs // *Educational review*. – № 53(2). – P.147-156.
17. **Morgan, P. L., Farkas, G., Wu, Q.** Kindergarten predictors of recurring externalizing and internalizing psychopathology in the third and fifth grades // *Journal of Emotional and Behavioral*

Disorders. – 2009. – Vol. 17. – №2. – P. 67-79. – <https://doi.org/10.1177/1063426608324724>

18. PISA 2018. Results (Volume I): What Students Know and Can Do. Paris [Elektronny resurs] // OECD Publishing, 2018. – <https://doi.org/10.1787/5f07c754-en> (Accessed: 10.01.2026)

19. Organisation for Economic Co-operation and Development. Students with Disabilities, Learning Difficulties and Disadvantages: Policies, Statistics and Indicators [Electronic resource] // OECD Publishing, 2007. – URL: <https://www.oecd.org/education/school/40276192.pdf> (Accessed: 10.01.2026)

## Обучение детей с дислексией на уроках языка: библиометрический анализ

А.Қ. Тайболатова<sup>1\*</sup>, Ш. Қапантайқызы<sup>1</sup>, Ф. Кырмызы<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Университет Памуккале, Турецкая Республика



**Аннотация.** В настоящее время инклюзивное образование является одним из приоритетных направлений развития образования. Оно направлено на обеспечение равного доступа всех обучающихся к качественному образованию с учетом их особых образовательных потребностей и индивидуальных возможностей. В этой статье особое внимание было уделено трудностям в обучении, включая дислексию, которые составляют одну из группных особых потребностей. Цель исследования – проанализировать научные публикации по теме обучения детей с дислексией на уроках языка. Исследование было основано на библиометрическом анализе и включало анализ данных, опубликованных на базе Scopus в период с 2000 по 2024 год. В статье также использовалось программное обеспечение VOSViewer для определения основных тематических областей исследования, визуализации ключевых терминов. Результаты исследования показали, что научный интерес к данной проблеме неуклонно растет, а также позволили определить основные направления исследований. Установлено, что исследование носит междисциплинарный характер и охватывает области педагогики, психологии и лингвистики. Полученные результаты позволили не только выявить основные тенденции данной темы, но и обозначить перспективные направления будущих исследований и определить пути совершенствования обучения детей с дислексией в условиях инклюзивного образования.



**Ключевые слова:** инклюзивное образование, дети с особыми образовательными потребностями, дислексия, обучение языку, библиометрический анализ, VOSViewer, Scopus.

## Teaching children with dyslexia in language lessons: a bibliometric analysis

A.K. Taibolatova<sup>1\*</sup>, Sh. Kapantaiqyzy<sup>1</sup>, F. Qyrmyzy<sup>2</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>Pamukkale University, Turkey



**Abstract.** Currently, inclusive education is one of the priority areas of education development. It is aimed at ensuring equal access to quality education for all students,

taking into account their special educational needs and individual capabilities. In this article, special attention was paid to learning difficulties, including dyslexia, which constitute one of the special needs groups. The purpose of the study is to analyze scientific publications on the topic of teaching children with dyslexia in language lessons. The study was based on a bibliometric analysis and included an analysis of data published on the Scopus database from 2000 to 2024. The article also used VOSViewer software to identify the main thematic areas of research and visualize key terms. The results of the study showed that scientific interest in this problem is steadily growing, and also allowed us to identify the main areas of research. It is established that the research is interdisciplinary and covers the fields of pedagogy, psychology and linguistics. The results made it possible not only to identify the main trends in this topic, but also to identify promising areas for future research and identify ways to improve the education of children with dyslexia in inclusive education.



**Keywords:** inclusive education, children with special educational needs, dyslexia, language learning, bibliometric analysis, VOSViewer, Scopus

*Материал баспаға 04.09.2025 келіп түсті*